

8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы
 бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
 Кусайнова Маржангүл Амантаевнаның «Бастауыш сынып окушыларын ұлттық
 күндышылдықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері»
 тақырыбындағы диссертациясына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№п п/п	Критерилер	Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1. Кусайнова Маржангүл Амантаевнаның 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Бастауыш сынып окушыларын ұлттық күндышылдықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандығы №724 қаулысымен «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы шенберінде орындалған, себебі оның мақсаты: ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау және мәдени өнімдерді ынталандыру, олардың сапасы мен әр алуандығын арттыру арқылы әрбір қазақстандықтың көркемдік-шығармашылық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ жас ұрпактың бойында рухани адамгершілік күндышылдықтарды қалыптастыру деп көрсетілген.</p>	
2.	Ғылым маңыздылдығы үшін	Жұмыс ғылымға айтартылғатай үлес қосады, өйткені докторант теориялық тұрғыдан ұлттық күндышылдықтар арқылы бастауыш сынып окушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделін және оның күрылымдық өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтады.	
3.	Дербестік принципі	<p>Дербестік деңгейі:</p> <p>1) жоғары, себебі жұмыстың дербестік деңгейі жоғары, бұл әдебиеттермен жұмыс жасау кезінде, теориялық бөлімді талдау мен жалпылауда, диагностикалық құралдарды тандауда, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты үйимдастыруда, диссертациялық зерттеудің ұсынылған қорытындыларында нақты байқалады.</p>	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу:</p> <p>1) негізделген, өйткені</p>	

		<ul style="list-style-type: none"> - бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің қажеттілігі мен оның теориялық түрғыда зерттелмеуі; - ұлттық құндылықтар мүмкіндіктерінің жоғары екендігі мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін тәжірибеде жеткіліксіз ескерілетіндігі; - бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды пайдалану қажеттілігі мен оқу-әдістемелік жағынан жеткілікті түрде ескерілмеуі, кешенді бағдарламаның жетіспеушілігі, оны жүзеге асыруда тиімді әдіс-тәсілдерінің толық зерттелмеуі арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтаған. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:</p> <p>Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық және теориялық негіздері, әдістері, кезендері, теориялық мәні және ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қагидалары баяндалады.</p> <p>«Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологияның ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастың алғышарттарына сараптама жасалып, бастауыш сынып оқушыларын</p>
--	--	--

		<p>тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың көрінісі орын тапты. Қосымшаларда зерттеудің практикалық материалдары ұсынылды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, атап айтқандағынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерін теориялық негіздеу, моделін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибеде тексеру.</p> <p>Зерттеу міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтология негіздерін ғылыми-теориялық түрғыда айқындау; 2. Ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастардың ғылыми-теориялық алғышарттарын анықтау; 3. Ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделін жасап, оның құрылымдық өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау; 4. Ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің жолдары мен амалдарын анықтап, тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеру.
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты:</p> <p>1) толығымен өзара байланысты, себебі диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысады. Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты корғауға шығарылатын қағидалары толығымен өзара байланысты, диссертациялық зерттеу нәтижелерін толықтай көрсетеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар, өйткені зерттеу барысында алынған нәтижелер бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологияның мүмкіндіктері мәселелерін шешуге арналған.</p>

		<p>Диссертацияда алынган ғылыми нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені зерттеудің ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделуі, ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделін жасап, оның құрылымдық өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау және бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің жолдары мен амалдары мәселелеріт бойынша кең көлемде педагогикалық қоғамдастыққа бірқатар ғылыми негізделген әдістемелік әзірлемелерді ұсынуға мүмкіндік береді.</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жана ма?</p> <p>1) толығымен жаңа, яғни, Бірінші нәтиженің жаңалығы, бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық мәселесі ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұлттық құндылықтар мәні мен мазмұны педагогикалық тұрғыдан айқындалған.</p> <p>Екінші нәтиженің жаңалығы, «Ұлттық құндылықтар» және «Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиенің деонтологиялық негізі» ұғымдары нақтыланған.</p> <p>Үшінші нәтиженің жаңалығы, ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің құрылымдық-мазмұнды моделі жасалған.</p> <p>Төртінші нәтиженің жаңалығы, ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып, бастауыш білім беру оқушыларын тәрбиелеу әдістемесі жасалынып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы дәйектелген.</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның тұжырымдары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа, себебі диссертацияның тұжырымдары жаңа және зерттеу мақсаты мен міндеттерінің шешімін толық көрсетеді.</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады:</p> <p>өйткені докторант ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеп, жалпы білім беретін мектептің оқутәрбие процесіне «Ұлттық қазына» вариативтік курс енгізді.</p>	

6.	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген.	
7.	Корғауға ұсынылатын негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша мынадай сұрақтарға жеке жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қорғауға шығарылатын қағидалар дәлелденген. Дәлелдеме зерттеудің негізгі теориялық қағидаларымен, эксперименттік мәліметтерді талдаумен, зерттеу нәтижелерін математикалық өндірумен, диссертациялық зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкес келуімен қамтамасыз етіледі.</p> <p>7.2 Жоқ, ережелер тривиалды емес, өйткені олар жаңалыққа ие.</p> <p>7.3 Иә, диссертациялық зерттеудің ережелері жаңа болып табылады.</p> <p>Бірінші нәтиже жаңа болып табылады, өйткені автор бұрын педагогикалық ғылым тұрғысынан қарастырылмаған бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологияның мүмкіндіктері мәселесіне теориялық талдау жасады.</p> <p>Екінші нәтиженің жаңалығы ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастың алғышарттарына сараптама жасалып, бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологиялық даярлықтың мәні ашылды.</p> <p>Үшінші нәтиженің жаңалығы ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделінің жалпы білім беретін мектептер үшін алғаш рет ұсынылатындығымен сипатталады.</p> <p>Төртінші нәтиже жаңалық талаптарына жауап береді, өйткені тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделінің жүзеге асырылуының тиімділігін раставиды.</p> <p>7.4 Қолдану денгейі кең, өйткені теориялық зерттеудің, сондай-ак тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу кезінде ғана емес, сондай-ак педагог кадрлардың біліктілігін арттыру саласында да қолданыла алады.</p> <p>7.5 Иә, дәлелденді, себебі негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелері, қорытындылар</p>	

		<p>автордың 15 ғылыми жарияланымында көрініс тапты: 1 мақала – SCOPUS базасына кіретін журналда, ҚР БФМ КОКСОН ұсынған басылымдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 7 мақала. Сонымен қатар, 1 оқу құралы, 1 электронды оқулық, 1 әдістемелік нұсқаулық шығарылды.</p>	
8.	Шынайылық принципі Дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың шынайылығы	<p>8.1 Әдіснаманы тандау - негізделген немесе әдістеме толық сипатталған 1) иә, өйткені теориялық-әдіснамалық және практикалық дәлелденуімен; зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратпен сایкестілігімен; зерттеу пәні мен міндеттеріне сай қолданған әдістер кешенімен; эмпирикалық материалдың статистикалық өндөуі, әзірленген жұмыстардың бастауыш мектепте және жоғары оқу орындары практикасына енгізумен қамтамасыз етіледі.</p> <p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өндеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды:</p> <p>1) иә, өйткені қалыптастыруши тәжірибе барысында эксперимент тобындағы оқушыларға «Ұлттық қазына» вариативтік курс жүргізілді. Осы курс аясында бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы деонтологиялық тәрбиелеуге бағытталған дидактикалық материалдар мен жұмыс дәптерлері әзірленді, олар ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуде жаңа ақпарат көзі болып табылады. «Ұлттық қазына» электронды оқулығы, «Ұлттық қазына» мобиЛЬДІ қосымшасы әзірленді және тәжірибеге енгізілді және оқытудағы когнитивті әдістер арқылы жүзеге асырылды. Бұл оқушылардың ұлттық құндылықтарға қызығушылықтары мен ұмтылыстарының артуына ықпал етті.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) иә, себебі тәжірибе барысында жоғарғы деңгей көрсеткіштерінің айтарлықтай арта</p>	

		<p>түскені окушылардың ұлттық құндылықтарға деген ерекше ықыластарының пайда болуы, екіншіден олардың санасында ұлттық құндылықтар туралы ұғымдардың бекуі – алдын-ала жоспарланып жүргізілген жұмыстар мен бастауыш сынып және бастауыш сынып мұғалімдерінің семинарда біліктіліктерін арттырганнан деп болжам жасалған. Жыл бойына жүргізілген педагогикалық жұмыстардың нәтижесінде эксперименттік топтағы окушылар арасында оң өзгерістер байқалған.</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар:</p> <p>1) иә, өйткені ғылыми жұмысты зерттеу барысында бастауыш сынып окушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологияның мүмкіндіктері ғылыми-теориялық түрғыда негізделді, ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастардың ғылыми-теориялық алғышарттары анықталады;</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары:</p> <p>1) иә, себебі окушылардың ұлттық құндылықтарға қызығушылықтары мен ұмтылыстарының артуына ықпал ететін «Ұлттық қазына» вариативтік курс бағдарламасы құрастырылып, бастауыш сынып окушыларына арналған «Ұлттық қазына» электронды оқулығы, «Ұлттық қазына» мобиЛЬДІ қосымшасы, «Ұлттық қазына» дидактикалық материалдары әзірленді және тәжірибеге енгізілді.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып окушыларының білім деңгейі мен қызығушылықтарын арттыру барысында қолдануға, әрі педагогтерге арналған негізгі әдістемелік күрал ретінде пайдалануға болады.</p> <p>9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) ТОЛЫҚЫМЕН жаңа, яғни</p> <p>– «Ұлттық қазына» атты вариативті курсының бағдарламасы мен «Ұлттық</p>

		<p>қазына» атты электронды оқу күралы және мобиЛЬДІ косымшаны тәрбие үдерісінде негізге алынса;</p> <ul style="list-style-type: none"> – «Ұлттық қазына» деп ұсынылып отырған әдістемені оқу-тәрбие үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында пайдаланылса; – Бастауыш білім беру сатысы мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері мәселелері жөнінде тұрақты жұмыс істейтін семинар ұйымдастырылса; – Мұғалімдер білімін жетілдіретін курсардың жоспарына бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері мәселесі енгізілсе, онда деонтология негізінде бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу процесі тиімді жүзеге асады.
10.	Жазу және безендіру сапасы	<p>Академиялық жазудың сапасы:</p> <p>1) жоғары, себебі Кусайнова Маржанғұл Амантаевнаның «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының жазу және безендіру сапасы жоғары, ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жаңажакты зерттелген, аяқталған жұмыс болып саналады.</p>

Корыта келе, Кусайнова Маржанғұл Амантаевнаның «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын, Комитет алдында философия докторы Ph.D. дәрежесін беру үшін Комитетке ұсынамын.

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазАУ»
БАДР САЯСАТЫ БАСКАРМАСЫНЫҢ ЖЕТ
ЗАВЕРЬЮ: РУКОВОДИТЕЛЬ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им. А.М. Ауэзова»

Курсабаев Мухамедрахим Кадырбаевич,
п.г.к. Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университеті,
Педагогика және психология институты,
педагогика кафедрасының аға оқытушысы

